



«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана  
жүйесі»ММ  
Әдістеме-библиография бөлімі

# Торғайдың дарабоз дарыны

Жазушы, публицист, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Қоғабай  
Сәрсекеев - 85 жыл  
(1939-2014)

ЖАДНАМА



**«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ  
Әдістеме-библиография бөлімі**

# Торғайдың дарабоз дарыны

Жазушы, журналист әрі публицист, Қазақстанның Еңбек сіңірген  
қайраткері Қоғабай Сәрсекеев - 85 жыл  
(1939-2014)

ЖАДНАМА

Арқалық 2024 жыл

ӘОЖ 011  
КБЖ 91  
Т 60

Құрасты., компьют. терген: С. М. Көшкінбай  
Жауапты ред.: Д. Е. Құсайын

**Құрастырушы:** С. М. Көшкінбай  
**Шығарылымға жауапты:** Д. Е. Құсайын  
**Мұқабаны безендірген:** С. М. Көшкінбай  
**Редактор:** Д. Е. Құсайын

Торғайдың дарабоз дарыны [Мәтін] Жазушы, публицист, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Қоғабай Сәрсекеевтің туғанына 85 жыл толуына арналған ) : Жаднама /«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме–библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – 44 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме – библиография бөлімі Жазушы, публицист, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Қоғабай Сәрсекеевтің туғанына 85 жыл толуына арнап жаднама дайындады. Жаднамаға Қоғабай Сәрсекеевтің өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,  
әдістеме-библиография бөлімі



**ТОРҒАЙДАН ҰШЫП ТОПЖАРҒАН**

Қоғабай Сәрсекеев 1939 жылы 1 сәуірде Торғай облысының Жанкелдин ауданында (қазіргі Аманкелді ауданының Крупская ат. совхозы) туған. Оқыған, өскен жері – Торғай поселкесі. 1958 жылы ҚазГУ-дің филология факультетіне түсіп, оны 1963 жылы бітірген.

Содан кейін республикалық газет-журналдарда жұмыс істей бастады. 1963-1965 жылдар аралығында «Қазақстан пионері», 1965-1967 жылдары «Социалистік Қазақстан», 1967-1982 жылдар ішінде «Қазақ әдебиеті» газеттерінде жауапты қызметтерде болды. 1983 жылдан бері Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің органы – «Кітап жаршысы» - «Друг читателя» газеттерінің редакторы болып 1986 жылға дейін істеді. Кейін «Жалын» баспасының бас редакторы болды.

Қ. Сәрсекеевтің «Қол мерген», «Кестелі орамал», «Ыбырай Алтынсарин», «Мұңлық-Зарлық», «Фәтима», «Ашудас», «Сарбаздар» деп аталатын скетч-пьесалары халық театрларында қойылды.

Жазушы Қоғабай Сәрсекеев баспа, полиграфия және кітап саудасы жүйесінде көп жылы бойы жемісті еңбек етті. Ол «Кітап жаршысы» газетінің редакторы, «Жалын» баспасының бас редакторы, «Қазкітап» бірлестігінің бас директоры болды.

Жазушы әр жылдары «Ұлан», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде жұмыс істеді, сондай-ақ «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы болды. Қаламгер «Қызыл Ту», «Заманақыр» тарихи романдары мен «Смута», «1937 жыл» әңгімелерін жарыққа шығарды.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері. Қостанай, Торғай қалаларының Құрметті азаматы. Халықаралық ақпараттану академиясының, Халықаралық Еуразия академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Б. Майлин атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты, Францияның «SPI» алтын медалі мен Халықаралық ақпараттану академиясы алтын медалінің иегері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты. Парасат орденінің иегері. Қостанайдың құрметті азаматы (2005).



**Шығармалары:**

1. Қайраткер, ғалым, қаламгер - Ахмет Байтұрсыновтың әдеби мұрасы [Мәтін] / Абдуллина А., Тоқтарбаев Е.; алғы сөз жазғ.: Қ. Сәрсекеев, А. Қалиев. - Арқалық, 2013. – 92 б.
2. Төрттаған [Мәтін] : төрт томдық / Сәрсекеев Қ. – Алматы : TST-companу, 2006. – Т. 1. - 338 б.
3. Төрттаған [Мәтін] : төрт томдық / Сәрсекеев Қ. - Алматы : TST-companу, 2006. – Т. 2. - 276 б.
4. Төрттаған [Мәтін] : төрт томдық / Сәрсекеев Қ. - Алматы : TST-companу, 2006. – Т. 3. - 330 б.
5. Төрттаған [Мәтін] : төрт томдық / Сәрсекеев Қ. – Алматы : TST-companу, 2006. – Т. 4. - 316 б.
6. Қазақты оятқан қазақ немесе Міржақып Дулатов туралы әліптемелі ой [Мәтін] : эссе / Сәрсекеев Қ., : қазақшадан ауд.: М. Жанұзақова. - Алматы : GAUNAR, 2004.
7. Құсқанаты [Мәтін] : әңгімелер мен хикаяттар / Сәрсекеев Қ. - Алматы : Жазушы, 2004. - 280 б.
8. Портреттер [Мәтін] : әңгіме-эсселер / Сәрсекеев Қ. – Алматы : GAUNAR, 1999. - 272 б.
9. Таңдамалы [Мәтін] : әңгімелер, повестер, пьесалар / Сәрсекеев Қ.; алғысөзін жазғ.: Ғ. Қайырбеков. – Алматы : GAUNAR, 1999. – Т. 1.
10. Таңдамалы [Мәтін] : тарихи роман [Мәтін] / Сәрсекеев Қ.; алғысөзін жазғ.: Ғ. Мүсірепов. - Алматы : GAUNAR, 1999. – Т. 2. – 695 б.
11. Заманақыр [Мәтін] : тарихи роман / Сәрсекеев Қ.; алғысөз жазғ.: Ғ. Мүсірепов. - Алматы : Жазушы, 1990. – 560 б.
12. Қызыл жалау [Мәтін] : роман. - 2-кіт. - Алматы : Жалын, 1983. – 208 б.
13. Қызыл жалау [Мәтін] : роман. - 1-кіт. - Алматы : Жалын, 1979. – 270 б.
14. Қараша қаздар [Мәтін] : роман. - 1-кіт. - Алматы : Жалын, 1974. – 182 б.
15. Кілт [Мәтін] : әңгімелер жинағы. - Алматы : Жазушы, 1967. – 83 б.

**Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:**

16. Сәрсекеев, Қоғабай. Қазақтың үш арысы [Мәтін] : [қазақ зиялылары туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ. – 2016. – 08–15 қаңтар. – Б. 6.
17. Сәрсекеев, Қоғабай. Өзге емес өзім айтам өз жайымды [Мәтін] : [өмірден өткен жазушының ғұмырнамалық эссе-балладасы] / Қоғабай Сәрсекеев / Қазақ. – 2015. – 6–3 қараша. – Б. 6–7.
18. Сәрсекеев, Қоғабай. Асанәлі [Мәтін] : [актер Асанәлі Әшімов туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ. – 2015. – 23-30 қазан. – Б. 1, 7
19. Сәрсекеев, Қоғабай. Сәкен сері [Мәтін] : [жазушы Сәкен Жүнісов туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ. – 2015. – 02–16 қазан. – Б. 1.
20. Сәрсекеев, Қоғабай. Алдаспан ақын [Мәтін] : [ақын Сырбай Мәуленов туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ. – 2015. – 19–26 маусым. – Б. 1, 7.
21. Сәрсекеев, Қоғабай. Ұлы Ғабең [Мәтін] : [жазушы Ғабит Мүсірепов жайлы] / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ. – 2015. – 22–29 мамыр. – Б. 1, 5.
22. Сәрсекеев, Қоғабай. Жылжыған жорға, жүйткіген жүйрік ақын [Мәтін] : [эсселер] / Қоғабай Сәрсекеев / Жұлдыз. – 2014. – № 9. – Б. 163–188.
23. Сәрсекеев, Қоғабай. Қазақтың Қалдашы еді [Мәтін] : [жазушы Қалдарбек Найманбаев туралы] / Қоғабай Сәрсекеев / Қазақ. – 2014. – 19-26 қыркүйек. – Б. 10.
24. Сәрсекеев, Қоғабай. Көкіректігі бір бейне [Мәтін] : [журналист, аудармашы Өмірзақ Жолымбетов туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ әдебиеті. – 2014. – 7–13 наурыз. – Б. 10.
25. Сәрсекеев, Қоғабай. Досты аңсау [Мәтін] : [ақын Есенбай Дүйсенбайұлы туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Айқап. – 2014. – № 1. – Б. 36–41.
26. Сәрсекеев, Қоғабай. Жылжыған жорға, жүйткіген жүйрік ақын [Мәтін] : [ақын, жерлесіміз Ғафу Қайырбековтың туғанына 85 жыл] / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ. – 2013. – 16–30 тамыз. – Б. 6–7.
27. Сәрсекеев, Қоғабай. Ұлт руханиятының бастауы [Мәтін] : ["Қазақ" газетіне - 100 жыл!] / Қоғабай Сәрсекеев // Жұлдыз. – 2013. – № 7. – Б. 145–153.
28. Сәрсекеев, Қоғабай. Екі сұхбат [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеев пен академик Кенжеғали Сағадиевтің әңгімесі] / Қоғабай Сәрсекеев / Жұлдыз. – 2013. – № 5. – Б. 161–177.
29. Сәрсекеев, Қоғабай. Сапар Ысқақов [Мәтін] : [меценат Сапар Ысқақовтың ғұмырнамасы] / Қоғабай Сәрсекеев // Айқап. – 2013 – № 4. – Б. 100–110.
30. Сәрсекеев, Қоғабай. Қазақтың жиырма бір ұстанымы [Мәтін] : [Отан, туған жер, тіл т.б. жиырма қағида] / Қоғабай Сәрсекеев // Айқап. – 2013. – № 4. – Б. 13–15.
31. Сәрсекеев, Қоғабай. Құмарал қыраны [Мәтін] : [ғалым Кенжеғали Сағадиевтің туған жері Торғайға сапары жайында] / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ әдебиеті. – 2013. – 1–7 наурыз. – Б. 1,4.
32. Сәрсекеев, Қоғабай. Алаш арыстарының шырақшысы [Мәтін] : [Алаш

қайраткері М. Дулатовтың қызы Гүлнәр Дулатованың қазасына арнау] Қоғабай Сәрсекеев // Егемен Қазақстан. – 2013. – 20 ақпан. – Б. 6.

33. Сәрсекеев, Қоғабай. "Қазақ" - қа 100 жыл! [Мәтін] : ["Қазақ" газеті туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Айқап. – 2013. – № 1. – Б 5–7.
34. Сәрсекеев, Қоғабай. "Қазақ" газеті мен "Айқап" журналы - қазақ рухының үні болған, бола беретін басылымдар [Мәтін] : [алда Қазақ газетінің 100 жылдық мерей тойы туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Қостанай таңы. – 2012. – 21 қыркүйек. – Б.12.
35. Сәрсекеев, Қоғабай. Сағыныш сазы [Мәтін] : (ақын Сырбай Мәуленовтің 90-жылдығына орай) / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ. – 2012. – 14 қыркүйек. – Б. 5.
36. Сәрсекеев, Қоғабай. "Айқап"-тың сүйінші санын алып оқуға асығыңыз [Мәтін] : [Айқап журналы туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ. – 2012. – 3 тамыз. – Б. 1.
37. Сәрсекеев, Қоғабай. 97 жылдан кейінгі қауышу [Мәтін] : [Айқап журналы туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ. – 2012. – 20 шілде. – Б. 1.
38. Сәрсекеев, Қоғабай. Өшпес өмір [Мәтін] : [эссе-әңгіме] / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ. – 2012. – 23–30 наурыз. – Б. 6–7.
39. Сәрсекеев, Қоғабай. Мүсірепов мұраты [Мәтін] : [Ғабит Мүсірепов туралы естелік] / Қоғабай Сәрсекеев // Егемен Қазақстан. – 2012. – 21 наурыз. – Б. 4–5.
40. Сәрсекеев, Қоғабай. Боз даланың бозторғай ақыны еді [Мәтін] : [ақын Есенбай Дүйсенбайұлы туралы естелік] / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ. – 2011. – 2 қыркүйек. – Б. 11. ; Егемен Қазақстан. – 2011. – 7 қыркүйек. – Б. 7.
41. Сәрсекеев, Қоғабай. Мұқағали [Мәтін] : реквием / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ. – 2011. – 29 шілде. – Б. 5.
42. Сәрсекеев, Қоғабай. Реквием [Мәтін] : [ақын Мұқағали Мақатаев шығармашылығы туралы] / Сәрсекеев Қоғабай // Дәстүр. – 2011. – № 4. – Б. 40–43.
43. Сәрсекеев, Қоғабай. Толық адам [Мәтін] : [жазушы, ғалым Рымғали Нұрғали туралы естелік] / Қоғабай Сәрсекеев // Егемен Қазақстан. – 2010. – 1 маусым. – Б. 5.
44. Сәрсекеев, Қоғабай. Жер - Ана [Мәтін] : [әңгіме] / Қоғабай Сәрсекеев // Жыл он екі ай. – 2010. – № 3. – Б. 86–87.
45. Сәрсекеев, Қоғабай. Бөкейхановтың соңғы сөзі [Мәтін] : [өлең] / Қоғабай Сәрсекеев // Егемен Қазақстан. – 2009. – 29 шілде. – Б. 3.
46. Сәрсекеев, Қоғабай. Жүрегім менің қырық жамау [Мәтін] : [эссе-баллада] / Қоғабай Сәрсекеев // Жұлдыз. – 2009. – № 7. – Б. 171.
47. Сәрсекеев, Қоғабай. Жүрегім менің қырық жамау [Мәтін] : [эссе-



- баллада] / Қоғабай Сәрсекеев // Жұлдыз. – 2009. – № 6. – Б. 154.
48. Сәрсекеев, Қоғабай. Үш таным [Мәтін] : [жазушының танымдық ой түйіндері, орамды ойлары мен мақал мәтелдері] / Қоғабай Сәрсекеев // Жалын. – 2009. – № 6. – Б. 66.
49. Сәрсекеев, Қоғабай. Өзге емес, өзім айтам өз жайымды [Мәтін] : [жазушы өмір айдынында] / Қоғабай Сәрсекеев // Егемен Қазақстан. – 2009. – 1 мамыр. – Б. 6.
50. Сәрсекеев, Қоғабай. Әлихан Бөкейханов пен Нығмет Нұрмақов [Мәтін] : [бір күнде атылған алаш арыстары туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Егемен Қазақстан. – 2008. – 24 желтоқсан. – Б. 4.
51. Сәрсекеев, Қоғабай. Қазақтың деген қазақ "Қазақ" қа жазыл! [Мәтін] : ["Қазақ" газетінің жалғасты басылымы "Қазақ" газеті туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Қостанай таңы. – 2008. – 4 қараша. – Б. 8.
52. Сәрсекеев, Қоғабай. Қазақтың жиырма бір ұстанымы [Мәтін] : [авторлық ой-түйін] / Қоғабай Сәрсекеев // Қостанай таңы. – 2008. – 31 қазан. – Б. 4.
53. Сәрсекеев, Қоғабай. Әлекең [Мәтін] : [алаш арысы Әлихан Бөкейханов туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Егемен Қазақстан. – 2007. – 6 сәуір. – Б. 5.
54. Сәрсекеев, Қоғабай 10500 [Мәтін] : [балалар хирургы Камал Ормантаев жасаған операциясының саны] / Қоғабай Сәрсекеев // Егемен Қазақстан. – 2006. – 8 қыркүйек. – Б. 4.
55. Сәрсекеев, Қоғабай. Алаштың ардағы [Мәтін] : [ақын С. Жүнісов туралы естелік] / Қоғабай Сәрсекеев // Егемен Қазақстан. – 2006. – 3 мамыр. – Б. 4.
56. Сәрсекеев, Қоғабай. Екі эссе [Мәтін] : [эссе] / Қоғабай Сәрсекеев // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 10 ақпан. – Б. 13.
57. Сәрсекеев, Қоғабай. Бұл қай қазақ [Мәтін] : [алаш арыстары Әлихан Бөкейханов туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Жас Алаш. – 2005. – 8 желтоқсан. – Б. 5.
58. Сәрсекеев, Қоғабай. Қазақтың Жақаңы [Мәтін] : [батыр Аманкелді Иманов туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Жас өркен Қостанай. – 2005. – № 4. – Б. 2.
59. Сәрсекеев, Қоғабай. Қазақты оятқан қазақ [Мәтін] : [Міржақып Дулатов туралы әліптемелі ой] / Қоғабай Сәрсекеев // Түркістан. – 2004. – 10,17 маусым. – Б. 4.
60. Сәрсекеев, Қоғабай. Асыл аға [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісов туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Қостанай таңы. – 2004. – 21 сәуір. – Б. 4–5.
61. Сәрсекеев, Қоғабай. Әлихан [Мәтін] : [Әлихан Бөкейханов туралы] /



**Ол туралы:**

62. Алматы, Орккен. Торғайда, туған төрт "Ноян" [Мәтін] : [Торғай өңірінің тұлғалары] / Орккен Алматы // Біздің Торғай. – 2018. – 17 сәуір. – Б. 3.
63. Сәрсекеева, Гүлбану. Санаға сәуле қалдырған...[Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеев туралы] / Гүлбану Сәрсекеева // Біздің Торғай. – 2018. – 10 сәуір. – Б. 4
64. Сәрсекеева, Гүлбану. Санаңда сәуле қалдырған ағаға деген сағыныш ...[Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеев туралы] / Гүлбану Сәрсекеева // Қазақ. – 2018. – 6 сәуір. – Б. 7.
65. Қожахметұлы, Еркін. Қара сөзінің өзі өлеңмен өрілген өрнектей [Мәтін] : [Асқарбек Бектемісовтің жаңа кітабы туралы] / Еркін Қожахметұлы // Үш қоңыр. – 2016. – 1 шілде. – Б. 5.
66. Қасымов, Марат. "Қазақ" пен "Айқапты" қайта тірілткен [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеев туралы сөз] / Қасымов Марат // Қостанай таңы. – 2015. – 11 қараша. – Б. 5.
67. Меңдібай, Сәлім. Ахаң мен Жақаңның жалғасындай [Мәтін] : [ұлт зиялысы Қоғабай Сәрсекеев туралы сөз] / Меңдібай Сәлім // Қостанай таңы. – 2014. – 19 желтоқсан. – Б. 9.
68. Оспанұлы, Серікбай. Сұңқар ең, тұлпар еді қаламың да. [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеевке арналған өлең] / Серікбай Оспанұлы // Қостанай таңы. – 2014. – 19 желтоқсан. – Б. 9.
69. Торғайдан шыққан тарланбоз еді.. [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеев дүниеден өтті] / газ. ред. // Айқын. – 2014. – 18 қараша. – Б. 5.
70. Тұрғынбек, Серік. Алаштың арыстарын ар тұтатын [Мәтін] : (Қоғабай ағаның қазасына) / Серік Тұрғынбек // Айқын. – 2014. – 18 қараша. – Б. 5.
71. Қалдан, Еркін. Қоғабайдың кітабы Нью-Йоркте жарық көрді [Мәтін] : [Сәрсекеевтің бірнеше кітаптарының тұсаукесер рәсімі болып өтті] / Еркін Қалдан // Айқын. – 2014. – 28 мамыр. – Б. 4.
72. Мәдиев, Жасын. Оқырман Қоғабаймен қайта қауышты [Мәтін] : [кітапханада өткізілген әдеби іс-шара туралы] / Жасын Мәдиев // Арқалық хабары. – 2014. – 1 мамыр. – Б. 3.
  
73. Сәрсекеева, Гүлбану. Түлеген Торғай тұлғасы [Мәтін] : [Жангелдин мұражайлар кешені туралы] / Гүлбану Сәрсекеева // Біздің Торғай. – 2013. – 5 ақпан. – Б. 3.
74. Тәукенов, Жансұлтан. Аудан әкімінің арнайы құттықтауы [Мәтін] :


- [қазақтың тұңғыш «Қазақ» газетінің 100 жылдық торқалы тойымен құттықтау хаты] / Жансұлтан Тәукенов // Аманкелді арайы. – 2013. – 1 ақпан. – Б. 1.
75. Мұсабаев, Хамитбек. Қоқаң және "Қазақ" һәм қазақ [Мәтін] : [Қазақ газеті алғашқы редакторлары туралы] / Хамитбек Мұсабаев // Аманкелді арайы. – 2013. – 1 ақпан. – Б. 3.
76. Қорғанбек, Аманжол. Ұлттық сананың ұйтқысы [Мәтін] : ["Қазақ" газетінің шыға бастағанына - 100 жыл] / Аманжол Қорғанбек // Егемен Қазақстан. – 2013. – 30 қаңтар. – Б. 4.
77. Абдуллин, Әмірхан. Қарға тамырлы қазақ ұлтының бір бұтағы — Қыпшақтар [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің «Дешті Қыпшақ» атты кітабы туралы] / Әмірхан Абдуллин // Торғай. – 2012. – 1 маусым. – Б. 4.
78. Асанов, Қайырбек. Ағайынға ақ тілек [Мәтін] : [өлеңдер] / Қайырбек Асанов // Қазақ. – 2011. – 2 қыркүйек. – Б. 6–7.
79. Абдуллин, Әмірхан. Қазақ ұстанымын ұлықтаған "Қазақ" газеті [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеевпен кездесу туралы] / Әмірхан Абдуллин // Қазақ. – 2011. – 29 шілде. – Б. 2.
80. Мауданов, Абылай. Тұлпар - тағдыры [Мәтін] : поэма / Мауданов Абылай // Қазақ. – 2011. – 15 шілде. – Б. 6–7.
81. Қирабаев, Серік. Ұлтжандылық [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеев шығармашылығы жайлы бір үзік сыр] / Серік Қирабаев // Қазақ әдебиеті. – 2010. – 9 шілде. – Б. 7.
82. Құрманғали, Қуанышбай. Торғайдан ұшып топжарған [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің шығармашылығы жайында] / Қуанышбай Құрманғали // Түркістан. – 2009. – № 13. – Б. 5.
83. Нұрғали, Рымғали. Қаламгер және баспагер [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеев туралы сөз] / Рымғали Нұрғали / Қостанай таңы. – 2009. – 23 желтоқсан. – Б. 7.
84. Сатыбалдин, С. Дос туралы толғау [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеев жайлы толғаныс] / С. Сатыбалдин // Дала мен қала. – 2009. – қараша. – Б. 10.
85. Нұрғали, Рымғали. Сағыныштың бір тамшысы [Мәтін] : [курстас бір топ қаламгерлер туралы] / Нұрғали Рымғали // Егемен Қазақстан. – 2009. – 30 қазан. – Б. 5.
86. Мұсабаев, Хамитбек. Алаш арыстарының мұрагері [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеев туралы сөз] / Хамитбек Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2007. – 20 желтоқсан. – Б. 11.
87. Әлмағамбетов, Еркін. Тағдырлар тоғысы [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің "Төрттаған" кітабы туралы] / Еркін Әлмағамбетов // Қостанай таңы. – 2007. – 6 сәуір. – Б. 12.
88. Ыдырысов, Әбілфайыз. Ұлт ұстаздарымен үндес жазушы [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеев туралы] / Әбілфайыз Ыдырысов // Жұлдыз. – 2006. – № 11–12. – Б. 178.
89. Жерлесіміз "Жыл адамы" [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің

- 2006 жылғы "Жыл адамы" деп танылуы] // Қостанай таңы. – 2006. – 18 тамыз. – Б. 1.
90. Абдуллин, Әмірхан. Бірі - Күн, бірі - Шолпан, бірі - Айым! [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің қазақтың үш арысы туралы роман - эссе жарық көруі] / Әмірхан Абдуллин // Қостанай таңы. – 2006. – 24 ақпан. – Б. 6.
91. Басты рольде - оқушы Бексұлтан [Мәтін] : [жазушы Қ. Сәрсекеевтің "Алдан" драмасының сахналануы туралы] // Қостанай таңы. – 2005. – 25 мамыр. – Б. 4.
92. Абдуллин, Ә. Тоғаныстар арқауы – тарихи Торғай [Мәтін] : [Қ. Сәрсекеевтің 60 жылдық мерейтойына орай жаңа екі томдық таңдамалы шығармалары жарық көруі туралы] / Әмірхан Абдуллин // Қостанай таңы. – 1999. – 12 қазан. – Б. 5.
93. Мәдиев, Жасын. Оқырман Қоғабаймен қайта қауышты [Мәтін] : [кітапханадағы іс-шара] / Ж. Мәдиев // Арқалық хабары. – 2014. – 1 мамыр. – Б. 3.
94. Абдуллин, Әмірхан. "Қазақия" [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің "Қазақия" кітабы туралы : суреті бар] / Ә. Абдуллин // Торғай. – 2011. – 9 қыркүйек. – Б. 3.
95. Мұсабекова, Миргүл. Жұлдызым менің жоғары [Мәтін] : [домбырашы Әбжан Сәрсенбаевтың шығармашылық кеші туралы] / М. Мұсабекова // Торғай. – 2018. – 6 сәуір. – Б. 4.
96. Мұратқызы, Сымбат. Өлкенің дарабоз дарыны [Мәтін] : [жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің 80 жылдығына арналған кеш портрет] / С. Мұратқызы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 24 мамыр. – Б. 3.





**Жазушы  
шығармалары**





**Сәрсекеев, Қ.**

**Төрттаған [Мәтін] : төрт томдық. 1-том / Қ. Сәрсекеев. - Алматы: TST-company, 2006. – 338 б.**

Төрт кітаптан тұратын жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің бұл төрттағанына қалмагердің әр жылдарда жазған шығармалары енді. Төрттағанның бірінші кітабына жазушының эссе портреттері кіріп отыр.

**Сәрсекеев, Қ. Төрттаған [Мәтін] : төрт томдық. 2-том / Қ. Сәрсекеев. – Алматы : TST-company, 2006. – 276 б.**

Жинағының екінші томына бұрынғы «Қызыл жалау» /бірінші – екінші кітап/, кейін «Заманақыр» деген атпен шыққан толық нұсқаудағы романы енді.




**Сәрсекеев, Қ. Төрттаған [Мәтін] : төрт томдық. 3-том / Қ. Сәрсекеев. – Алматы : TST-company, 2006. – 330 б.**

Төрттағанның үшінші кітабы әліптемелерден тұрады. Мұнда жазушының орталық мерзімді баспасөздерде жарық көрген әр жылдардағы интервьюлері, хикметтері, әуездемелері, күнделіктері топтастырылған.



**Сәрсекеев, Қ. Төрттаған [Мәтін] : төрт томдық. 4-том / Қ. Сәрсекеев. – Алматы : TST-company, 2006. – 316 б.**


Төрттағанның төртінші кітабына жазушының әр жылдарда жазған әдеби – қоғамдық толғамдары, зауықтамалары, шежірелер енді.



**Сәрсекеев, Қ. Таңдамалы [Мәтін] : тарихи роман. 2-том. Заманақыр / Қ. Сәрсекеев ; алғысөзін жазғ.: Ғ. Мүсірепов. – Алматы : GAUHAR, 1999. – 695 б.**


Бейімбет майлин атындағы әдеби сыйлықтың, халықаралық Алаш сыйлығының иегері, жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің таңдамалы шығармалар Екінші төрттағанға Қоғабай сәрсекеевтің творчествосы туралы толғаған жазушы қаламдастарының мақалалары, арнау өлеңдері мен қаламгердің өзге әріптестері шығармалары жайлы жазған рецензиялары, пікірлері – пайымдамалары топтастырылған.





**Сәрсекеев, Қ. Қазақты оятқан қазақ немесе Міржақып Дулатов туралы әліптемелі ой = Миржакып Дулатов [Мәтін] : эссе / Қ. Сәрсекеев ; қазақшадан ауд.: М. Жанұзақова. – Алматы : GAUHAR, 2004. – 48 б.**

Жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің бұл кітабы бұрынғы жарық көріп жүрген ақтаңдақтар жайлы тарихи серияның жалғасы. «Қазақты оятқан қазақ немесе Міржақып Дулатов туралы әліптемелі ой» эссесі Халықаралық саяси апталық «Түркістан» газетінің биылғы жылдың 24-25 санында / 10,17 маусым 2004 жылы жарық көрді./ Оқушылардың сұранысына орай эссенің қазақша және орысша нұсқасы «GAUHAR» баспасынан бір мұқабамен шығып отыр.



**Сәрсекеев, Қ. Қызыл жалау [Мәтін] : роман / Қ. Сәрсекеев. – Алматы : Жалын, 1979. – 272 б.**

Жазушы Қоғабай Сәрсекеев Аманкелді Иманов жайында көлемді шығарма жазып жүр. «Қызыл жалау» деген жалпы атпен берілетін бұл тарихи романның қолыңыздағы алғашқы кітабы «Шырғалаң» деп аталады.

Шырғалаңда оқиға сонау «Үлкен қоян» жұты аталған атақты 1880 жылдан бастап ел басына түскен ауыртпалық, халық басындағы қилы кезең. Торғай даласында болған нақты тарихи фактілер негізінде өрбиді. Романда автор бала Аманкелдінің өзін қоршаған әділетсіз ортаға кектене өсіп келе жатқан сәтін беру арқылы, өмір шындығын шынайы суреттей отырып шырғалаңы мол өткен дәуір көріністерін баяндайды. Одан бала батыр Аманкелдінің өсу эволюциясын көркем суреттейді.




**Сәрсекеев, Қ. Құсқанаты [Мәтін] : әңгімелер мен хикаяттар / Қ. Сәрсекеев. – Алматы : Жазушы, 2004. – 280 б.**

Көрнекті жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің «Қазіргі қазақ прозасы» сериясымен шығып отырған бұл кітабына әңгімелері мен повестері кіріп отыр. Кезінде оқушы қауым жылы қабылдаған қаламгердің бұл шығармаларының мазмұнын көркем, тілі шұрайлы, сюжеттік желісі ширақ. Кітап шынайлығымен тартымды оқылады.


**Сәрсекеев, Қ. Отыз жетінші жыл = Тридцать седьмой год [Мәтін] : әңгіме / Қ. Сәрсекеев. – Алматы : GAUHAR, 1998. – 53 б.**

Қоғабай Сәрсекеев – оқушы қауымға кеңінен таныс жазушы. Қалмгердің «37 – ші жыл» деп аталатын бұл әңгімесі жеке кітап боп қазақ, орыс және ағылшын тілінде тұңғыш рет жарық көріп отыр. Халық арасында «Нәубет жыл» атанған – 1937 жыл трагедиясы шығармада барынша шыншылдықпен баяндалады. Әңгіменің тілі шұрайлы, сюжеттік желісі ширақ, мазмұнға бай. Автор оқушы назарына қсынып отырған бұл кітабын азапты жылдар құрбандарының асыл рухына бағыштайды. Олар: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б. Майлин,.. ия олар тіптен көп – жазықсыздан жапа шеккен кешегі Кеңес Одағы тұсындағы зобалаңды 19 миллион 840 мың «халық жауы» атанған боздақтардың қайсыбірінің атын тізіп тауысуға болады. - әсте мол. Бұл кітап сол қаралы - 1937 жылдың ащы шындығын айғақтайтын жазушының төл туындысы.



**Сарсекеев, К. Смута [Текст] : ист. роман. Кн. 1 / К. Сарсекеев ; пер. с каз. В. Зуева. - Алма-Ата : Жалын, 1989. – 528 с.**

Роман «Смута» - многоплановое историческое произведение о крупных политических и социальных переменах в жизни степняков накануне Великого Октября. В нем охватываются события конца XIX – начала XX веков, когда зреет прогрессивная мысль, ширятся и противоречия. На фоне этих исторических событий автор описывает молодость и становление борца за социальную справедливость, легендарного героя казахского народа Амангельды Иманова.




**Сәрсекеев, Қ. Портреттер [Мәтін] : әңгіме-эсселер / Қ. Сәрсекеев. – Алматы : GAUHAR, 1999. – 272 б.**

1999 жылы «Портреттер» әңгіме – эсселер шықты.

Екі бөлімнен тұратын бұл жаңа кітабына әңгіме – эсселері кірген. Шынайы өмір шындығы, жазушы өзі көріп білген қаламдастары жайлы сыр шертеді. кітапта Ұлы тұлға Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы, Асқар Тоқмағанбетов, Мұқағали Мақатаев, Асанәлі Әшімов т.б. танымал тұлғалар жайлы естеліктер топтастырылған. Сонымен қатар, жазушы драматург ретінде де танымал. Оның «Қол мерген» «Ы.Алтынсарин», «Кестелі орамал», «Фәтима», «Ашутас», «Сарбаздар» деп аталатын скеч –


пьессалары халық театрларының сахнасында қойылып, радио арқылы беріліп келеді.



**Жақып, Ә. Торғай тарландары [Мәтін] : өмірбаяндық энциклопедия. 1-том / Ә. Жақып ; ред.: Б. Ахмет. – Астана : Парыз, 2009. – 176 б.**

Сонау ықылым заманнан бері Торғай даласы қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің айбынды қақпасы болған. Алаш рухын аспандата көтерген, білім мен рухани күштің қайнар бұлағын тасытқан Торғай бүгінгі таңда өзінің тарихымен ел жадында сақталды. Әрбір қазақ баласы Торғайды батырлар мен даналардың мекені, табиғи байлықтың және мол астықтың қайнар көзі

деп біледі. Бұл энциклопедия ежелгі Торғай аймағының бүкіл қазақ өркениетіне еңбегі сіңген тарландары мен өңірді өркендетуге үлес қосқан тұлғалар туралы өмірбаяндық шежіре.



**Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст.: Т. Рсаев. – Алматы : Арыс, 2013. – 456 б.**

Бүгінде әлемнің айтулы мемлекеттерімен терезесі тең Қазақстан Республикасының ерлікке толы ата дәстүрлерін саф қалпында сақтап, заман талаптарына сай ілгері жалғастырып келе жатқан даңқты аймақтарының бірі – Торғай өңірі. Тарих сахынасына Қазақ хандығы шыққан XV ғасырдан бергі күрделі оқиғалар мен елдің мәдени даму жолында, туған халқымыздың бостандығы мен теңдігі үшін арпалысқан азаттық күресінде бұл өлкенің

алатын орны ерекше. Алып даланы азаттықтың ақ туын тігіп, жоңғар басқыншыларына қарсы шайқасқан Шақшақ Жәнібек тархан мен Тілеулі батыр, он жыл бойы орыс мемлекетімен айқасқан Кенесары хан жасақтары, алмас қылышын ақ паитшаға сілтеген Аманкелді Иманов сарбаздары тұлпарларының тұяқтары дүбірлетті, ұлт ұстаздары Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынұлы ел – жұртын білімге, өнерге, сол арқылы рухани азаттыққа үндеді.

Бұл кітап сонау елдік пен ерлік дәстүріне дақ түсірмей өркен жайған Торғай аймағына арналған.

## **Өлкеміздің қаламы ұшқыр талант иелері** *(тұрақты жылдық кітап көрмесі)*

Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің әдістеме-библиография бөлімі белгілі ақын, талантты қаламгер, көсемсөз шебері Назарбек Бектемісұлының туғанына 95 жыл толуына, этнограф, журналист-жазушы, ақын, әдебиетші-ғалым, сатирик Сейіт Кенжеахметұлының туғанына 85 жыл толуына, **жазушы, публицист, қоғам қайраткері Қоғабай Сәрсекеевтің туғанына 85 жыл толуына**, жазушы, филология ғылымының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Салғарин Қойшығараұлының туғанына 85 жыл толуына, қаламыздың құрметті азаматы, өзінің саналы ғұмырын музыка саласына арнап келе жатқан, білікті маман, білгір басшылардың бірі – Әбенев Боранбай Қазыбекұлының туғанына 75 жас толуына, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты Нағашыбай Мұқатовтың туғанына 75

жас толуына, қазақ журналистикасының белді өкілі, публицист, ғалым, жазушы Жұмабек Кенжалиннің туғанына 70 жыл толуына, Қазақстанның Халық ақыны, белгілі айтыскер Қонысбай Әбілдің туғанына 70 жыл толуына орай **«Өлкеміздің қаламы ұшқыр талант иелері»** атты өлкемізден шыққан ақын-жазушылардың мерейтойларына арналған жылдық тұрақты көрмесін ұсынады. Көрменің мақсаты Торғай даласынан шыққан дарабоздар мен таланттардың ұлт пен тарих алдында атқарған еңбектерін бағалау, құрмет көрсету, кейінгі ұрпаққа насихаттау.



## **Торғайдан шыққан тарланбоз**

*(жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің туғанына 85 жыл толуына арналдаған арнау кеш)*

«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ абонемент бөлімі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қоғабай Сәрсекеевтің туғанына 85 жыл толуына арналған «Торғайдан шыққан тарланбоз» атты арнау кеш өткізді. Кешке Ә. Бөкейхан атындағы орта мектептің 11 сынып оқушылары мен ұстаздары қатысты. Кеш барысында Қоғабай Сәрсекеевтің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беріліп, әдебиеттеріне шолу жасалып, оқырмандармен кері байланыс орнатылды. Жас оқырмандар «Қызыл жалау», «Қараша қаздар» атты кітаптары туралы өз түсініктері мен ой-пікірлерін ортаға салды. Жазушының замандас інілері Серікбай оспановтың, Рафаэль Ниязбековтың, Әбжан Әбілтайдың Қоғабай

Сәрсекеевке арналған арнау өлеңдерін оқыды. Кеш өте жоғары деңгейде өтті оқырмандар өздеріне жазушының толық өміржол деректерімен таныс болып арнау өлеңдерін нақышына келтіріп айта білді. Құрметті оқырман қауым осы QR-кодты сканерлей отырып өткен іс-шараны тамашалай аласыздар!



## **«Өлкенің дарабоз дарыны» ( кітап көрмесі )**

Торғай аймағында қазақтың хандық тарихына айтарлықтай үлес қосып, қан төккен, жандарын болашақ үшін пида еткен ел басқарған билер, батырлар, ақындар, ғалымдар, бір сөзбен айтқанда, зиялы қауым өкілдері аз болмаған. Солардың бірі, тіпті, бірегейі қазақтың көрнекті жазушысы, белгілі қоғам қайраткері - Сәрсекеев Қоғабай Сәтенұлының туғанына 80 жыл толуына орай арналған «Өлкенің дарабоз дарыны» атты кітап көрме ұйымдастырылып, шолу жасалынды. Көрмені Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханысының абонемент бөлімі ұйымдастырды.

Мақсаты: оқырмандарға Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қостанай, Торғай қалаларының Құрметті азаматы Қоғабай Сәрсекеевтің өмірі мен шығармашылығы жайлы баяндау. Жерлес ағамыздың көптеген ерлігі мен қамқорлығын бүгінгі ұрпаққа ұмыттырмай дәріптеу. «Қоғабай – қазақтың көркем, шешен тілін ана сүтімен иеленген қаламгер, ел ішіндегі дана қарттардың, ақылды аналардың ауызынан қазақтың бай тілін, асыл сөзін бойына әбден сіңірген, жадына сақтаған жазушы.» Демек жазушының тілі тартымды. Айшықты желі жасауға ойы оралымды



## Қазақ қаламгері кітабының Нью-Йорктегі тұсаукесері

АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында белгілі жазушы, «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының бас редакторы Қоғабай Сәрсекеев кітабының тұсаукесері өтті. Бұл шара америкалық аудиторияны қазақ әдебиетімен таныстыруға бағытталған ұмтылысты жалғастырады. Бұған дейін осы жерде Әбдіжәміл Нұрпейісов пен Олжас Сүлейменов кітаптарының тұсаукесері өткен болатын. Қоғабай Сәрсекеев сөз болып отырған шығармашылық басқосуды қазақ тілінде өткізді. АҚШ-та біздің ана тіліміздегі кітаптар сирек кездесетіндіктен қазақ диаспорасының өкілдері қаламгер туындыларына қызығушылық танытты. «Уақыт өте келе біздің қазақ жазушыларының америкалық оқырмандары артатынына сеніміміз мол. Әзірге біз оларға АҚШ-пен танысуға септігімізді тигізудеміз», – деді тұсаукесер рәсімі кезінде Нью-Йорк қаласындағы Қазақстан Республикасының Бас консулы Раушан Есболатов. Осы консулдың көмегімен «Қазақстан-америкалық Альянс» бейкоммерциялық ұйымы арқылы жүзеге асқан кітап тұсаукесеріне Нью-Йорк қаласындағы БҰҰ жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілі Қайрат Әбдірахманов та қатысты.





## Қаламгерлердің жылы лебіздері

Туған өлкесі Торғай, оның кешегісі мен бүгінгісі туралы Сәрсекеевтің жазғандары тұтас бір шежіре. Қасиетті өлкеміз тұнған тарих. Ахаңдай ұлт ұстазын, Жахаңдай заман жаршысын өсірген ел. Қилы кезеңде аз уақыт болса да Әлихан Бөкейханов төтенше комиссар болған ел. Ашаршылық кезінде басқа өңірлерден 8000 қара мал жинап әкеліп, Ғабит Мүсірепов ажал аузындағыларға үлестірген жер. Қоғабай қаламы осы өлкенің жырын жырлады, асқақ арманын үкіледі, оның болашағы үшін өткір сөзімен күресе білді әрі дүниеден өткен асыл ағаларымыз Қайнекей, Сырбай, Ғафу ағаларының ізін басты.

**Кенжеғали САҒАДИЕВ.**

Біздер, оқырмандар, Сәрсекеевті ой тынысы кең, мазмұны терең, өскелең ұрпаққа рухани азық бола алатын туындыларды шығарған майталман қаламгеріміз еді дей аламыз. Сондықтан да ешкімді қайталамайтын шығармашылық мұнара (башня) салған, жазғандары кішігірім кітапхана сөресіне сыймай, ал қағазға түскен жолдары Торғай мен Тосын емсе, Ақкөл мен Алматы арасындағы жол қашықтығынан кем емес жазушымыз дейміз. Егемендігіміздің тұсында Қоғабай таланты жаңадан түлеп шыға келді. Ахаң мен Жахаңның жауға шапқанда алдаспаны болған «Қазақ» газетін тірілтті, бірнеше жаңа романдарында үлкен шеберлікпен Қазақия арманын жырлады. Елбасы Н.Назарбаев бастаған жаңару үрдісіне өз үлесін қосты. Жалпы, жаңа заманды барша ықыласымен қарсы алған, тәуелсіздіктің іргесін бекітуге дербес үлесін қосқан азамат.

**Кенжеғали САҒАДИЕВ.**

Бұл деген нағыз ер өткен жол! Нағыз ер жасаған тірлік! Олай болса Қоғабай Сәрсекеев нағыз мақтан тұтарлық Азамат! Атын нағыз үлкен әріппен атайтын Адам!

**Ә. Ыдырысов**

Кеңдігі Сарыарқаның даласындай  
Қазақта жігіт қайда Қоғашымдай.  
Бұл күнде кім білмейді Қоғабайды,  
Халқы үшін тау, көтерген Толағайды!

**Оразақын Асқар**

## *Арнаулар, естеліктер.*

### **Мен оны өлмейтіндей көруші едім**

Кісiде кiм жетедi қоғабайға,  
Дарига,  
Қоғабайдай аға қайда?!  
Алпыстың ауласынаат шалдырып,  
Ауыр бiр айықпастай қалам ойға.

Құдайдан кiм бiледi, не тiлеппiз?  
Есiктi қақты бiздiң екi рет күз.  
Сәуiрдiң дәл бiрiнде бiз туғанбыз,  
Ақөткел, қабырғада өстiм бiрге.

Бiр мүшел екеумiздi бөлiп тұрған,  
Құдайға мың рахмет жолықтырған.  
Қоғабай ағам едi,  
Алаш десе  
Аллам – ай , кететiндей болып құрбан.

Бейне бiр тапжылмайтын тұғырлы емен,  
Тағдырдан түңiлмеген, бүгiлмеген  
Кiсi едi  
құдай өзi құлағына  
Әуелден әлдене деп күбiрлеген

Алды – ойын,  
Бұл өмiрдiң арты – батпан,  
Не жүктi көтересiң артық артқан.  
Қыпшақтың бес таңбалы  
Мен – Ұзын да,  
Ол – Торы,  
Түп атасы – сарытымақтан.

Деушi едiм, аға мынау төрiң сенiң.  
Қасына қарасы боп ерушi едiм.  
Жетпiстен асса – дағы жас жiгiттей,  
Мен оны өлмейтiндей көрушi едiм.  
Тылтиып,  
туғаннан – ақ тұлымды едiм,  
Аға жоқ,  
Түсiнерсiң мұңымды елiм,  
Қоғабай қайтты дедi.

Тіс жарғам жоқ,  
Байланып қалғандай бір тілім менің.

Қазақта қыз - қарлығаш,  
Ұл – қаршыға,  
Мен тіпті жарамаушы ем мұндай сынға.  
Жеңгемді жақын барып көрмеген ем,  
Білмедім не дәрімді Гүлбаршынға.

Қолынан күрзі түстей, қалқаны ұшпай,  
Асықпай, абыржымай, арпалыспай,  
Қоғабай – Алпамыс та,  
Ал Гүлбаршын,  
Батырдың жары деуші ем Алпамыстай.

Алашын деп жүргенде базарлы етем,  
Ғайыптан құшты қайран ажал көкем.  
Жеңгемді жақсы адам деп естуші едім,  
Гүлбаршын шынында да ажарлы екен.

Арулар, әлі талай аршындарсың,  
Бар менен арды ойлаған қайсың барсың?  
... Күнде кеш көкемді ойлап көз ілдірер  
жастыққа басын сүйеп сол Гүлбаршын.

**Әбжан Әбілтай**

**Сұңқар ең, тұлпар еді қаламың да...  
Қоғабай Сәрсекеевке**

Бастаса кісілікке әр қадамын,  
Қуат.  
Шуақ,  
Сыйлаушы ең жанға жалын.  
Ерлігің – «Айқапты» елге аялатып,  
«Қазақты» ғұмырлы етіп жалғағаның.  
Жақындап қалған сәтін бұл ажалдың,  
Сездіңіз,  
Айтқанда өзің жылап алдым...  
Өлмеуге тиіс еді  
Жалғаған жан  
Қызметін Ахметтей ұлы адамның.

Бұл қалай кейінгіге болмайды үлгі

Мәңгіге ұмытпайды ел сол қайырды!  
Туыстар, дос – жарандар қайғы жұтты,  
Алматы , Астана мен Торғай мұңды.

Қаланың, жоғын іздер даланың да,  
Асылға,  
Не жетеді адал ұлға?!  
Қоғамның кемшілігін көре білген  
Сұңқар ең,  
Тұлпар еді қаламың да!

Халқыңның бағы еді ғой басты арманың,  
Жабырқап жүргеніңмен жасқанбадың.  
Биіктен әлі талай көруші едік,  
Алынбай қалды – ау небір асқарларың!

Қашанда сізді көрсем жаным жылап,  
Басқаның етуші едім бәрін де ұмыт.  
Жүр енді Торғай жаққа барғым келіп,  
Күндерім соңыңа ерген сағындырып.

Көңілде болмайтын қыс, болмайтын күз,  
Арманның қанатында самғайтынбыз.  
Жигули арғымағы астымызда  
Алматыға Торғайды жалғайтынбыз.

Ағасы, қалды сол бір ауылың аулақ,  
Ұзадың Алматыға тауды жалғап.  
сыйластық қимастықты оятты да  
Ауырды жүрек сыздап, бауырым аунап.

Ел жұртың, барда Алматы, Торғай – Абыз,  
Әр ісің қалмасы анық болмай аңыз.  
Тіріліп талай – талай Қоқа, Сізді,  
Алладан иман тілеп қол жаямыз.

**Серікбай Оспанұлы**

Сізде ағасы өзгеше жүрек мүлде.  
Ел бірлігін жүресіз тілеп күнде.  
Қаршадайдан қалам ап ел дедіңіз,  
Өрледіңіз ел үшін терледіңіз.

**Серікбай Оспанұлы**

## Қоғабай Сәтенұлына!

Көржерді бас қатырып сұрамаймын,  
Көздерің айтып тұр ғой, шырадайың,  
Ақылың, абыройың шалқар теңіз,  
Екпінің тас жаратын алмастайың!

Алаштың артық туған бір ардағы,  
Таразың басып тұрған Тұрандағы,  
Торғайдан Алатауға ұя салған,  
Талмайтын ақ Тұйғыным қырандағы!

Сәуірде қыр қырмызы сәндегенде,  
Жер иіп, жан – жануар әлденгенде,  
Жаңарып бәйшешектей жайнаптиы жүз,  
Жаралып бұл дүниеге сен келгенде!

Мәз болып, Қалдығым деп қуанысып,  
Алдыңнан Күн шығыпты құрақ ұшып.  
Айнадай жарқырапты қоғалы көл,  
Шөлдеген тұнығынан құлап ішіп!

Жар болып Жаппар Алла тілектесің,  
Туғаннан несібеңмен жүр екенсің.  
Тегіңде тегі тұр-ау тектілердің,  
Тұлпардың тұяғының бірі екенсің!

Өмірі өнегелі ерен ердің,  
Жазылған маңдайына кемеңгердің.  
Ой – қиял, асыл жүрек ортаймайтын,  
Достықтың шар болатын сенен көрдім.

Сыртыңнан, сен тасысаң, мен де тасып,  
Жүргенім Қостанайда кердең басып!  
Атыңа мұнда жүріп, мен семіріп,  
Мерейім үстем болып, елден асып!

Жасай бер, Жаса, Жаса, асқан керім,  
Жазушы, академик, баспагерім!  
Сәуірде өзің менің рахман туым,  
Тәңірде досым бар ма басқа менің!

**Байтұрсын Ілияс**



**Рафаэль Ниязбек**

## **АРЫСТАРДЫҢ ЖАЛҒАСЫ**

*Жазушы Қоғабай СӘРСЕКЕЕВКЕ*

Кейде оңаша жүргенде мұңға батып,  
Кететіндер жоқ емес құмға аунатып.  
Бір тұлпардың, жан аға, құлынысың  
Құрсағында жетілген тулап жатып.  
Түсінетін жан ғана сөз сарасын,  
Қоңыр үнмен жырлаған боз даласын.  
Суреткердің бірісің келе жатқан  
Дүниенің өзгертіп көз қарасын.  
Сертке ұстаған ақ семсер кетілгенде,  
Жылатпады қай сойқан жетімді елде.  
Мүмкін заман түзелер  
Болашақтың  
Ұрпақтары құрсақта жетілгенде.  
Жар астына бұғынған қайшылықта,  
Жұрттың бәрі батыр неге жайшылықта?  
Қара орманды шулатып жүрген жоқ па,  
Еменмін деп еліріп қай шыбық та.  
Құлақ аспай зарлаған үніне елдің,  
Жалт бергені бұл қалай ірілердің?!  
Бәрі бірдей өлі емес өлгендердің,  
Бәрі бірдей тірі емес тірілердің.  
Бұл қоғамның ішіне қан қатқалы,  
Ағындарға кім тусын қарсы аққалы.  
Азаматтар билікке өседі ме,  
Туған халқын жылатып, зарлатқалы.  
Жүрегінде тұрғанда өмір көктеп,  
Қадалатын жебе аз ба мөңіреп кеп.  
Қазақ әлі ұйқыда,  
Түсінбеймін,  
Бір қара бұлт жүргенде төңіреkteп.  
Ұлттық рухтың қисайып мұнарасы,

Ар-намыстың қуарып тұр ағашы.  
Азаттықтың арайлы таңы атса да,  
Жұрттың әлі неге көп мұң-наласы.  
Туған елдің жазылмай жан жарасы,  
Тіршіліктің күйреген сан-саласы.  
Ұл тумайтын болған ба бұл күндері,  
Алты алаштың албырап арлы анасы.  
Ашық ұстап келбетін, түр-түсін де,  
Жүрген ердің бірісің нұр пішінде.  
Ақ найзағай шығарсың кім біледі,  
Ағындаған жарқылдап бұлт ішінде.  
Жүйріктердің жолына арқан керген,  
Жұрт оңа ма тұғырды тарлан көрген.  
Арыстардың келесің мұңын жоқтап,  
Алмағайып заманда арманда өлген.  
Кімдер құрбан болмады дүрбелеңде,  
Сол күндердің қаны ойнап тұр денеңде.  
Арыстардың ешқашан рухы өлмейді,  
Азамат ер өзіңдей жүрген елде.  
Көңілінің төсеген көк кілемін,  
Хош көрмейтін жан бар ма көп тілегін.  
Алаш мұңын жоқтаған аға, сені,  
Арыстардың жалғасы деп білемін.









ҚҰРМЕТ

Жақында ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жауынша Қоғабай Сәрсекесеннің өмірі мен шығармашылығы арналған «Өнегелі өмір» сериалы жарияланғанын жарық көруіне орай университеттің «100 кітап» бағдарламасы аясында «Қоғабай Сәрсекесеннің журналистік, жауыншалық және баспагерлік қызметінен тарихи арна» атты республикалық ғылыми-танымдық конференция өтті.

## Алашшыл азамат еді


Жауынша Қ.Сәрсекесен шығармашылығын зерттеуші қауыммен қатар белгілі қаламгерлер, сондай-ақ жаңа піру орындарының оқытушылары мен мамандары, докторанттары қатысты.

«Өнегелі өмір» сериалымен жарық көрген жинақтың тұсұран көрсетет және қызық қайраткері, академик Қасымжан Сағадиев, жауынша Анастасия Кіші мен Қазақстан Жауыншалар одағының басқарма төрағасы Нұрлан Оразалин көсіп, құттықтау сөз сөйледі. Ал-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов атадан еңбек жөнінде ой бөлісіп, жүрек ауытпенмен жаңа шығармалары қалам шеберінің сарысуына қатынасына айналған жауынша қалам шеберінің онық тұлғасы ретінде шебер ортаның да, оқырман қауымының да жадында мәңгілік қалатынын білдіретінін айтты.

— Біз Қоғабай ағамызды Қоға деймізбі. Қоғаның бойында алашшыл жақын тартатын ерекше қасиеті бар болатын. Ол ең қасиетімен ерекше еді. Қоғабай Сәрсекесеннің өмірі мен шығармашылығы жөнінде жаңылған еңбектің үш тілде шығуы біз үшін үлкен мәртебе, — деп Нұрлан Оразалин.

Келісу барысында «Қоғабай Сәрсекесеннің қоғамдық қызметі мен шығармашылығындағы тарап пен сабақтастық мәселесі», «Қазіргі аярынасы Қоғабай Сәрсекесен және ұлттық рух», «Алаш» журналы мен «Қазақ» газетінің жаңа тұрғы» тақырыбында баяндамалар мен қайратнамалар таныстырылды.

Алқаты жанында белгілі жауынша Сәбит Досанов, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі Әбдісагіт



Тәттігерлов, көрнекті ғылым, экономика ғылымының докторы Саялау Байзақов, профессор Сағынтам Сатыбалды, әдебиеттанушы ғылым, филология ғылымының докторы Әмірхан Әбдіманұлы, ақын Рафаэль Нұрлыбеков, тәртіптік мәдениет қайраткері, жауыншалық қарымдас Гүлбану Сәрсекесен құттықтау сөз сөйлеп, қызық деңістерін білдірді. Жиын соңында қаламгердің жары Гүлбаршын Мұқанқызын конференцияны ұйымдастырушыларынан жүрекпен алысын білдірді.

Азаматтық-патриоттық рухы білік қаламгер ұлттықпен ұранына айналған «Қазақ» газетін және алашшыл журналы «Айқапты» тарауында жиналған қайта шығаруы қолға алып, Алаш мамандарының сарысуына бүгінгі ұрпақтың мәселет-мәрігімен ұштастыруға күш жұмсайын еді. Тұғырты тұлғасын қалам жанында мәңгі сақталып.

Абдысәлім ЖҰМАШЕВ



## ЧРЕК ЧИЛІК



Бұл мақалада Чректілік туралы кеңірек сөз қозғалып, оның қоғамдағы ролі, тарихы және қазіргі жағдайы жөнінде тереңірек талқыланады. Автор өз пікірін білдіріп, оқырмандарды ойлануға шақырады.

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



# КӨКШЕТАУ ПРАВДАСЫ

Көкшетау облыстық Кеңестік өкіметінің және облыстық комитеттерінің, республикалық деңгейдегі облыстық Кеңестің органы

№ 21 (1000)  
1972

## ЗАМАНДАС ТУРАЛЫ ОҢТІМЕ

Бұл мақала замандас туралы оңтiме жөнінде тереңірек талқыланады. Автор өз пікірін білдіріп, оқырмандарды ойлануға шақырады.





## **Ұлттың ұйытқысы болған азамат**

**Қоғабай Сәрсекеев** (1939 1 сәуір Қостанай облысы Жангелді ауданы Торғай ауылы — 2014 17 қараша Алматы) — жазушы, журналист, публицист. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты. Парасат орденінің иегері. Қостанайдың құрметті азаматы (2005). Қоғабай Сәрсекеев 1939 1 сәуір Қостанай облысы Жангелді ауданы Торғай ауылында дүниеге келген. Ы. Алтыңсарин мектебінің түлегі. 1963 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің түлегі. 1963 - 1967 жылдары "Қазақстан пионері", "Социалистік Қазақстан" газеттерінде әдеби қызметкер 1967 - 1982 жылдары "Қазақ әдебиеті" газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы 1983 - 1986 жылдары "Кітап жаршысы" ("Друг читателя") газетінің редакторы болды 1986 - 1990 жылдары "Жалын" баспасында бас редактор, республикалық "Қазақкітап" бірлестігінің бас редакторы, Кітап таратушылар республикалық қауымдастығының президенті қызметтерін атқарған. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі болды. Өмірінің соңына дейін "Қазақ" газетін қайта шығарып, оның кең таралуына, мазмұнды болуына барын салды. 2014 жылы 17 қарашада Алматыда қайтыс болды.

### **Шығармашылығы**

Қоғабай Сәрсекеевтың алғашқы әңгімелері 1950 жылдардың ортасынан бастап шыға бастады. "Кілт", "Қараша қаздар" деп аталатын әңгіме-повестер жинағы жетпісінші жылдардың басында жарық көрді. Халық батыры А.Иманов туралы романының алғашқы бөлігі 1979 жылы, жалғасы саналатын "Заманақыр" кітабы 1990 жылы "Жазушы" баспасынан, орыс тілінде "Смута" деген атпен "Жалын" баспасынан жарық көрді. "1937 жыл" дейтін әңгімесі \* 1998 жылы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жеке кітап болып шықты. "Жол устіндегі әңгіме", "ұлы устаз немесе Алаштың Ахметі — Ахмет Байтұрсынов жайлы ой түйін", "Портреттер" деп аталатын әңгіме-эсселері менекі томдық таңдамалы жинағы (1999) жарық көрді.

### **Марапаттары**

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері  
Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты  
Халықаралық ақпараттану академиясының академигі  
Халықаралық Еуразия академиясының академигі  
Францияның алтын медалі мен Халықаралық ақпараттану академиясы алтын медалінің иегері Б.Майлин атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты  
Қостанай және Торғай қалаларының құрметті азаматы  
ҚР Президентінің жарлығымен жоғарғы мемлекеттік марапат Парасат орденімен марапатталған.

## МАЗМҰНЫ

1. Торғайдан ұшып топжарған.....	5
2. Шығармалары.....	6
3. Мерзімді басылымдардағы жарияларымдары.....	7-10
4. Ол тураы.....	10-12
5 . Қоғабай Сәрсекеев марапаттары.....	13
6 . Ол туралы әдебиеттер.....	14
7. Жазушы шығармалары.....	15-20
8. «Өлкеміздің қаламы ұшқыр талант иелері» /тұрақты кітап көрме/.....	21
9 . «Торғайдан шыққан тарланбоз» арнау кеш .....	22-23
10. «Өлкенің дарабоз дарыны» кітап көрме.....	24
11. Қазақ қаламгердің кітабының Нью-Йорктегі тұсау кесері.....	25
12 . Қаламгерлердің жылы лебіздері.....	26
13 . Арнау, естеліктер.....	27-32
14. жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің фото-суреттері.....	33-35
15 . Мерзімді басылым беттеріндегі жарияларымдары.....	36-40
16. Ұлттық ұйытқысы болған азамат.....	41





**Құрастырушы: Көшкінбай С. М.**  
**Мұқабаны безендірген: Көшкінбай С. М.**  
**Редактор: Құсайын Д. Е.**  
**Шығарылымға жауапты: Құсайын Д. Е.**  
**Басуға қол қойылды 15.04.2024**  
**Таралым 5**  
**Басылым: ксерокс**

**Біздің кітапхананың мекен-жайы:**  
**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Родина ауылы**  
**Гагаринакөшесі, 21. Тел. 2-10-18**  
**E – mail: cbs10@mail.ru**